18/1-133  29.05.2026

**БЕКІТЕМІН**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**Ж.С. Сейтжанова**
**2026 ж.**

# «ОҚМА» АҚ КЛИНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Е 414-2026**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Үшінші |

**Шымкент қ.**

**1. «ОҚМА» АҚ** Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ҰСЫНДЫ**

**2. «ОҚМА» АҚ** Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

# МАЗМҰНЫ


1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР ........ 4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР ........ 5
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ ........ 6
4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ ........ 6
5. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ........ 7
6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ ........ 7
7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ........ 12
8. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ........ 13
9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ ........ 13
10. ҚҰЖАТ ТЕКСЕРУЫНЫҢ ДӘЙЕКТІЛІГІ ........ 14

ҚОСЫМШАЛАР ........ 17

# 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережеде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі – 2020 жылғы 7 шілде, № 360-VI ҚРЗ;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 27.07.2007 ж., № 319 (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығы

Клиникалық базалардың тізбесі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығына сәйке әзірленді;

Клиникалық базалардың қызметі және кафедра қызметкерлерінің емдеу жұмысы клиникалық база болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары мен «ОҚМА» АҚ арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттармен, сондай-ақ «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығына сәйкес әзірленді;

- «ОҚМА» орнының Жарғысы;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 18.11.2015 жыл, № 410-V (өзгерістермен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 23.11.2015 ж., №414-V;

ISO 9000:2015. Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік;

- СТ ҚР ISO 9001-2016. Сапа менеджмент жүйесі. Талаптар;
- СБ 001-2024. Сапа менеджмет жүйесінің басшылығы;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2025. Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
- «ОҚМА» АҚ клиникалық кеңесі туралы ереже Е 303-2026;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023.

## 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;
- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

| | |
|---|---|
| ҚР МЖМБС | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; |
| ҚР ҒЖБМ | Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі; |
| ҚР ДСМ | Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі; |
| ҚР | Қазақстан Республикасы; |
| ЕК | Еңбек кодексі; |
| «ОҚМА» АҚ | «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы; |
| БМСК | Бастапқы медициналық-санитариялық көмек; |

| | |
|---|---|
| ПОҚ | Профессорлық-оқытушылық құрам; |
| БАФ | Біліктілікті арттыру факультеті |
| БМСК | Бастапқы медициналық-санитариялық көмек; |
| КЖжДМБ | Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі; |
| ЖООКББ | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру; |

## 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 «ОҚМА» АҚ клиникалық қызметінің негізгі мақсаты – заманауи әдістер негізінде ұйымдастырушылық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру, білім алушыларды (бакалаврларды, интерн-дәрігерлерді, резиденттерді, магистранттарды, PhD докторларды, дәрігерлерді, орта медициналық персоналды) даярлау және қайта даярлау, сондай-ақ Түркістан облысының емдеу-профилактикалық ұйымдары базасында халыққа медициналық көмек көрсету болып табылады.

3.2 Емдеу-диагностикалық қызметпен клиникалық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық жұмыс туралы ережесінің талаптарына сәйкес айналысады.

3.3 «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық жұмыс туралы ережесі, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Клиникалық кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

3.4 «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық жұмыс туралы ережесі, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Клиникалық кеңестің шешімі бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

3.5 «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық жұмысы бойынша жоспарлар мен есептер Клиникалық кеңес отырысында қаралып бекітіледі.

## 4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Клиникалық қызметтің ұйымдастыру құрылымы төмендегі сызбада көрсетілген:



# 5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Клиникалық Кеңес қызметінің мақсаты – халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық (емдеу-диагностикалық) қызметін тиімді және жедел басқаруды қамтамасыз ету.

5.2. Клиникалық (емдеу-диагностикалық) қызметтің міндеттері:

- халыққа мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
- медициналық ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде, оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша білім беру процесін жүзеге асыру;
- оқытудың нысандары мен әдістерін үнемі жетілдіру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жоғары тиімді заманауи медициналық технологияларды әзірлеу және енгізу;
- «ОҚМА» АҚ-ның клиникалық базаларында профессор-оқытушылар құрамының емдеу-диагностикалық жұмысына мониторинг жүргізу;
- медициналық деректерді талдау, оқыту және симуляциялық процестер, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметінде жасанды интеллект қолдану;
- жасанды интеллектті пайдалану білім беру процесін жетілдіруге, клиникалық оқытудың және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ клиникалық жағдайларды талдау кезінде шешім қабылдауды қолдауға бағытталған.

# 6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

6.1. Кеңес беру қажеттілік болған жағдайда медициналық ұйымдардың директорларымен келісім бойынша кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, ассистент (жоғары санатты дәрігер), ассистент (бірінші санатты дәрігер) көрсете алады.

6.2. Клиникалық кафедралар мен курстардың профессор-оқытушылар құракелесі клиникалық үстемақы клиникалық практикаға жіберу сертификаты және оқытылатын пәннің бейініне сәйкес дәрігерлік санаты (болған жағдайда) болған кезде төленеді.

6.3. Клиникалық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының емдеу жүктемесінің нормативтері.

6.3.1. Кафедра меңгерушісі мен профессордың емдеу жүктемесі күрделі науқастарға дифференциалды-диагностикалық және емдеу жоспары бойынша 30 сағаттан аспайтын кеңес беруді төмендегідей:

- стационарда – кемінде 15 науқас;

- амбулаторияда – кемінде 15 науқас.

Стационарда және амбулаториялық-поликлиникалық қабылдауда кеңес алған науқастар ретінде келесі науқастар есепке алына алады:

- профессорлық тексеру кезінде қаралған науқастар;
- қайта кеңес беру жаңа жағдай ретінде есептеледі;
- медициналық құжаттармен жұмыс (амбулаториялық карталарды, ауру тарихтарын, ауыстыру, қайтыс болғаннан кейінгі эпикриздерді және диспансерлік есепке алу эпикриздерін сараптамалық бағалау немесе рецензиялау).

Хирургиялық бағытндағы оқытушы-дәрігерлер үшін операция жасалған науқастар саны және емдеу-диагностикалық манипуляциялар саны есепке алынады.

6.3.2. Доценттің емдік жүктемесіне сәйкес дәрігер-ординатор бағытындағы 0,5 ставка көлемінде емдік-диагностикалық және консультативтік жұмыс кіреді, бұл терапевтік, педиатриялық және хирургиялық бағыттарды үшін кемінде 20 стационарлық науқасқа немесе кемінде 30 амбулаториялық науқасқа қызмет көрсетуге тең және клиникалық базаның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Стационарда және амбулаториялық-поликлиникалық қабылдауда кеңес алған науқастар ретінде келесі науқастар есепке алына алады:

- өткізілетін консилиумдар аясы;
- дәрігерлік клиникалық конференциялар, кеңестер, клиникалық талдаулар барысы;
- жоспарлы тексеру кезінде;
- алдын алу қараулары;
- клинико-анатомиялық конференциялар (эксперт ретінде).

Науқастарды есептеу кезінде емдік жүктемеге летальды жағдайларды зерттеу комиссиясында (эксперт ретінде) және летальды жағдайларды қарау бойынша емдік-бақылау комиссиясының жұмысына (эксперт ретінде) қатысу, сондай-ақ медициналық құжаттармен жұмыс (амбулаториялық карталар, ауру тарихтарын сараптау немесе рецензиялау, стационарлық және өлімнен кейінгі эпикриздер, диспансерлік есепке алу эпикриздері) кіреді.

Қайта кеңес беру жаңа жағдай (жаңа науқас) ретінде есептеледі.

Хирургиялық бағыт үшін прооперирленген науқастар саны және емдік-диагностикалық манипуляциялар саны есепке алынады.

6.3.3. Ассистенттің (жоғары, бірінші, екінші санатты дәрігер және сертификаты бар) емдеу жүктемесі клиникалық-диагностикалық және кеңеслық жұмысты қамтиды, сәйкес бағытындағы дәрігер-ординатордың 0,5 ставкасы көлемінде, бұл терапевтік, педиатриялық және хирургиялық бағыттарды үшін кемінде 30 стационарлық науқас немесе 60 амбулаторлық науқас жүргізуге тең. Стационарлық науқастарды есептеу А қосымшасына

сәйкес жүзеге асырылуы тиіс, сонымен қатар клиникалық базаның ішкі тәртіп ережелерін басшылыққа алу қажет.

Стационарлық және амбулаторлық-поликлиникалық қабылдауда кеңес берілген науқастар ретінде келесі жағдайлардағы пациенттер есепке алынады:

- жүргізілетін кеңес беру шеңберінде;
- клиникалық талдаулар аясында;
- профилактикалық қараулар;
- дәрігерлік клиникалық конференциялар мен клинико-анатомиялық конференцияларға (эксперт ретінде) қатысу;
- летальды нәтижелерді зерттеу комиссиясы мен емдеу-бақылау комиссияларының жұмысында (эксперт ретінде) қатысу;
- медициналық құжаттармен жұмыс (амбулаторлық карталарды, ауру тарихтарын бағалау немесе рецензиялау, аударма, өлімнен кейінгі эпикриздер және диспансерлік есепке алу эпикриздері).

Хирургиялық бағытындағы дәрігер-оқытушылар үшін операция жасалған науқастар саны және емдеу-диагностикалық манипуляциялар саны есепке алынады.

Амбулаторлық-поликлиникалық қабылдауда бақыланатын науқастар ретінде төмендегілер есепке алынады:

- үйдегі стационарлық науқастар;
- денсаулық мектебі;
- диспансерлік қараулар;
- скринингтік профилактикалық қараулар;
- медициналық профилактикалық қараулар;
- медициналық құжаттармен жұмыс.

6.3.4. Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету қызметінің ПОҚ үшін емдік жүктеме жедел топ құрамында шығу кезінде кемінде 35 науқасты құрайды.

Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету қызметінің ПОҚ консультативтік көмегі кеңеслар түрінде жүргізіледі:

- шақырту бойынша дәрігерлердің шығуы;
- амбулаториялық науқастар (белсенді жүгіну).

6.3.5. Радиологиялық диагностика және функционалдық диагностика дәрігері мамандығы бойынша ПОҚ емдік жүктемесі 320 бірлікті құрайды.

6.3.6. Балалар стоматологиясы, терапевтік және ортопедиялық стоматология, хирургиялық стоматология кафедрасының ПОҚ емдік жүктемесіне кіреді:

- меңгеруші дәрігерлер мен профессорлар үшін – күрделі науқастарға дифференциалды-диагностикалық және емдік жоспарда кеңес жүргізу көлемі 30 сағаттан аспайды, бұл стационарда кемінде 15 науқасқа, амбулаторияда кемінде 15 науқасқа сәйкес келеді;

- доценттер үшін –дәрігер-ординатордың бағыты 0,5 ставка көлемінде емдік-диагностикалық және консультативтік жұмыс, бұл стационар мен амбулаториялық қабылдауда кемінде 24 науқасты қамтиды;
- кафедра ассистенттері үшін –дәрігер-ординатордың бағыты 0,5 ставка көлемінде емдік-диагностикалық және консультативтік жұмыс, бұл стационарда кемінде 15 науқасқа, амбулаторияда кемінде 25 науқасқа сәйкес келеді.

6.3.7. «Клиникалық фармаколог» мамандығы бойынша ПОҚ емдік жүктемесі сәйкес мамандық дәрігерінің 0,5 ставкасын құрайды және келесілерді қамтиды:

- консультант (доцент, профессор) үшін – дәрілік терапияның клинико-фармакологиялық сараптамасы, 10 ауру тарихы немесе 20 амбулаториялық карта бойынша кеңес берулері;
- ассистент үшін – дәрілік терапияның 15 ауру тарихы бойынша кеңес берулер клинико-фармакологиялық сараптамасы.

6.3.8. Патологоанатомдар үшін емдік жүктеме Кеңес беру жұмысына кіреді:

- патологоанатом дәрігердің секциялық жұмысы бойынша кеңес;
- операциялық және биопсиялық материал бойынша поқ кеңессы;
- басқа ұйымдардың патологоанатом дәрігерлеріне кеңес.
- патологоанатомдардың емдік-диагностикалық жұмыс көлемі 125 блок/бөлшек биопсиялық немесе операциялық материалды немесе 5 аутопсияны құрайды (1 аутопсия 25 блок/бөлшекке теңестіріледі).

Ескерту: емдік жұмыс тәжірибесі 5 жылдан аз клиникалық кафедра ПОҚ негізгі емдік жүктемеге қосымша 1 түнгі кезекті жұмысы болуы тиіс. Түнгі кезек кезінде қаралған науқастар саны емдік жүктеме көлеміне есепке алынады.

6.4. Клиникалық кафедра ПОҚ емдік жұмыстарың көлемі.

6.4.1. Кафедра меңгерушісі, профессор, доценттің стационардағы емдік жұмысы ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысқа төмендегілер кіреді:

- конференциялар, семинарлар, консилиумдарды ұйымдастыру және өткізу;
- емдік-бақылау комиссиясы, клиникалық-иммунологиялық зертхана, сарапшылық кеңестерге, формулярлық комиссия отырыстарына қатысу;
- патологоанатомиялық конференцияларға қатысу.

6.4.2. Кафедра меңгерушісі, профессор, доцент және ассистенттің амбулаториялық-поликлиникалық қабылдаудағы емдік жұмысына келесілер кіреді:

- ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс: конференциялар, семинарлар, консилиумдар, сарапшылық кеңестер, формулярлық комиссия отырыстары;
- БМСК конференцияларына дайындық және қатысу;

- бектілген аумақтағы жұмыс көрсеткіштерін талдау және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар беру;
- диагностика және емдеу әдістерін әзірлеу және енгізуді ұйымдастыру;
- денсаулық мектептерін өткізуге қатысу;
- өзің жане/немесе немесе алынған диагностика және емдеу әдістерін енгізу.

6.4.3. Доценттің амбулаториялық-поли клиникалық қабылдаудағы емдік жұмысына төмендегілер кіреді:

- клиникалық базадағы ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс: конференциялар, семинарлар, консилиумдарды ұйымдастыру және өткізу, сарапшылық кеңестерге, формулярлық комиссия отырыстарына қатысу;
- БМСК деңгейіндегі конференцияларға дайындық және қатысу;
- бекітілген аумақтағы жұмыс көрсеткіштерін талдау және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- диагностика және емдеу әдістерін әзірлеу және енгізуді ұйымдастыру;
- денсаулық мектептерін өткізуге қатысу;
- өзің және/немесе енгізілген диагностика және емдеу әдістерін қолдану.

6.4.4. Ассистенттің стационар деңгейіндегі емдік жұмысына кіреді:

- конференциялар, семинарлар, консилиумдар, формулярлық комиссия және патологоанатомиялық конференцияларға қатысу;
- Өз немесе алынған диагностика және емдеу әдістерін енгізу.

6.4.5. Ассистенттің амбулаториялық-поли клиникалық деңгейдегі емдік жұмысына төмендегі кіреді:

- денсаулық мектептерін өткізуге қатысу;
- БМСК конференцияларына дайындық және қатысу;
- өзің жане/немесе алынған диагностика және емдеу әдістерін енгізу.

6.4.6. «Клиникалық фармаколог» мамандығы бойынша ПОҚ емдік жұмысына төмендегі кіреді:

- жаңа деректерді ескере отырып, дәрілік формулярды қалыптастыру және қайта қарау;
- дәрілік терапияның клинико-фармакологиялық сараптамасын жүргізу (хаттама толтырумен);
- дәрілердің жанама әсерлерін бақылау және уәкілетті органға уақытылы хабарлауды бақылауы;
- дәрігерлерге бекітілген диагностикалық және емдеу нұсқауларын енгізу және орындауға көмектесу;
- дәрілік заттарды рационалды қолдану және дәлелді медицина бойынша семинар/лекциялар өткізу;
- дәрігерлерге, мейірбикелерге және пациенттерге дәрілерді тағайындау мәселелері бойынша кеңес беру;

- күрделі жағдайларды және дәрілерді қолданудағы қателіктерді қарау бойынша консилиумдарға қатысу.

6.5. Клиникалық кафедра жұмысы бойынша аралық және жылдық есептерді талдауға төмендегі кіреді:

- СТ 023-2024 стандартының талаптарын орындау үшін сапа мәдениетін қалыптастыру;
- тәуекелдерін анықтау және бағалау;
- кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;
- веб-бетін толықтыру және жетілдіру мониторингі;
- salemoffice.kz электрондық құжат тексеру жүйесімен жұмыс;
- 25 амбулаториялық картаны сараптау.

## 7. КЛИНИКАЛЫҚ (ЕМДЕУ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ) ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Клиникалық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының құқықтары мен міндеттері:

7.1. Емдеу жұмысына қатысты жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың бұйрықтары, өкімдері, нұсқаулықтары және басқа да құжаттары бойынша «ОҚМА» АҚ әкімшілігінен түсіндірме алуға.

7.2. «ОҚМА» АҚ басшылығының емдеу жұмысына қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға.

7.3. Емдеу жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

7.4. Медициналық ұйымдардың басшылығымен ынтымақтастық орнатуға.

Жауапкершілік көтереді:

7.5. Клиникалық кеңестің, Ғылыми кеңестің, ректораттың, факультет кеңесінің шешімдерін орындауға.

7.6. Құжаттаманы жүргізу және оны уақтылы ресімдеу үшін.

7.7. Қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде жауапкершілік көтереді.

7.8.Клиникалық қызмет бойынша құжаттаманы, ақпаратты және есептерді уақтылы ұсынбағаны үшін.

7.9. Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

7.10. «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

7.11. Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

## 8 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1 Клиникалық жұмыстың орындалуы мен сапасына жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

8.2 Клиникалық жұмысты ұйымдастыруға жауапкершілік ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректорға жүктеледі.

8.5. Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

## 9 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ

Клиникалық жұмысты орындау аясында клиникалық кафедралар мен курстардың қызметкерлері төмендегі құрылымдармен өзара әрекеттеседі:

Клиникалық жұмысты орындау аясында клиникалық кафедралар мен курстардың қызметкерлері төмендегі құрылымдармен өзара әрекеттеседі:

- заманауи емдеу, диагностика және профилактика әдістері мен құралдарын практикалық денсаулық сақтауға енгізу мәселелері бойынша;
- клиникалық жұмыс бойынша құжаттаманы өзектендіру мәселелері бойынша сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімімен;
- мастер-кластар, оқыту семинарларын өткізу мәселелері бойынша ҚжҚКББО;
- ғылыми-практикалық конференциялар, мастер-кластар, оқыту семинарлары құжаттарын басып шығару мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ КТБО.
- Кафедралардағы клиникалық жұмыстың тиімділігін Клиникалық кеңес үйлестіреді.

Бөлімшелерде және жалпы «ОҚМА» АҚ-да клиникалық жұмыстың тиімділігін реттейтін құжаттар Клиникалық кеңес отырысында талқыланып, Ғылыми кеңестің бекітуіне ұсынылады.

Бекітілгеннен кейін құжаттар мен шешімдер тиісті бөлімшелер мен клиникалық кафедраларға, қажет болған жағдайда Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөліміне жолданады. Олардың орындалуын клиникалық жұмыс жөніндегі проректор бақылайды.

Әзірленген құжаттардың «ОҚМА» АҚ-ның қолданыстағы процестеріне сәйкес келмеуі немесе ішінара сәйкес келмеуі немесе оларды орындау мүмкін болмаған жағдайда, тиісті құрылымдық бөлімше осы мәселені шешу бойынша өз ұсыныстарын енгізуі тиіс.

## 10. ҚҰЖАТ ТЕКСЕРУЫНЫҢ РЕТІ

Клиникалық жұмыс проректоры кафедралардың клиникалық жұмысқа арналған жоспарлары мен есептері негізінде АО «ОҚМА» Ғылыми кеңесіне келесі есептік және жоспарлы құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынады:

- оқу жылы үшін АО «ОҚМА» клиникалық жұмысының жоспары – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін;
- оқу жылы бойынша АО «ОҚМА» клиникалық жұмысының есебі – ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін.
- клиникалық кафедралар қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті:
- оқу жылының бірінші жартыжылдығы бойынша кафедраның клиникалық жұмысы есебі – 1 ақпанға дейін;
- оқу жылы бойынша кафедраның клиникалық жұмысы есебі және келесі оқу жылы үшін клиникалық жұмыс жоспары – жыл сайын 10 маусымға дейін (В, Г қосымшасы).

Клиникалық жүктеменің орындалуын растайтын кестеге бас дәрігердің қолы және емдеу-профилактикалық ұйымның мөрі қойылады. Кафедраның ай сайынғы клиникалық жұмысты орындау туралы рапортының бір данасы кестеге тіркеліп, екінші данасы Клиникалық бөлім тапсырылады.

Кафедраның клиникалық жұмысы бойынша папкасында құжаттар Д қосымшасына сәйкес болуы тиіс.

Клиникалық жұмысқа қатысты құжаттаманы сақтау мерзімі – тұрақты.

**Құжаттау және архивтеу:**

Осы Ереженің түпнұсқасы оның күшін жою, жою немесе ауыстыру жағдайында 3 жылға «ОҚМА» АҚ архивінде сақталады.

**Өзгерістер енгізу тәртібі:**

Клиникалық жұмыс туралы ереженің СМЖ талптарына сәйкестігін КЖ проректорымен КЖжДМ бөлімінің меңгерушісі бес жылда 1 рет қайтып қарайды.

**Әзірлеген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Дәлелді медицина және клиникалық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі | Пернебеков Е.М. |

**Тексерген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Ержанов Н. А. |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | Кабиштаев О. А. |

**Келісілген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор | Нурмашев Б.К. |
| Комплаенс офицер | Пернебаев Н.А. |

**А ҚОСЫМШАСЫ**

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

# НАУҚАСТАРДЫ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ / ЖУРНАЛ РЕГИСТРАЦИИ БОЛЬНЫХ

**Кафедраның аты**

**За период/ Кезеңіне ___ _____ 20____ ж.(г.)**
**___ _____ 20____ ж.(г.) бойынша**

**Шымкент қ.**

Ү414-001-2026

| **р/с № п/п** | **Ай күндері Числа месяца** | **Науқастың тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество** | **Туған күні, жасы Дата рождения, возраст** | **Сырқатнаманың, амбулаторлық картаның, шақыру картасының, биопсиялық және операциялық зерттеуге жолдаманың, тергеуші үкімінің № № истории болезни, карты амбулаторного больного, карты вызова, направления на исследование операционного и биопсийного материала, постановления следователя** | **Диагноз** | **Ескерту** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

1. **Кафедра ассистенті: ___________________________** __________________
   Т.А.Ә. Қолы
2. **Кафедра меңгерушісі: ___________________________** __________________
   Т.А.Ә. Қолы
3. **Бөлімше меңгерушісі ___________________________** __________________ – Бөлімше меңгерушісінің мөрі
   Т.А.Ә. Қолы

**Ескертпе:** журналдың титулдық бетінде оқытушының Т.А.Ә. және кафедраның атауы көрсетілсін.

**Б ҚОСЫМШАСЫ**
**«ОҚМА» АҚ ректорына**
**Т.А.Ә.**

**Рапорт**
**(кафедраның атауы) кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының**
**(айдың атауы) айындағы емдеу-диагностикалық жұмысының орындалуы туралы**

| № | Оқытушының Т.А.Ә. | Клиникалық жүктемесі | Қызметі | Науқастарды кеңеслау | Науқастарды курациялау | Операциялар | | Ауру тарихтарын рецензиялау, фармакотерапияны талда | Конференциялар өткізуге қатысу | | Жұмыстың басқа түрлері | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ассистенттік көмек көрсету | тәуелсіз орындау | | Клиникалық | Патологоанатомиялық | | |
| | | | | | | | | | | | | |

**Басшысы (аурухана, клиника, емхана)** ________________________ ________________
Т.А.Ә. қолы

**Кафедра меңгерушісі:** ________________________ ________________
Т.А.Ә. қолы

**Клиникалық жұмыстар және**
**дәлелді медицина бөлімінің меңгерушісі:** ________________________ ________________
Т.А.Ә. қолы

Ү414-002-2026

**В ҚОСЫМШАСЫ**

| | |
|---|---|
| **КЕЛІСІЛДІ** | **БЕКІТІЛДІ** |
| **Бас дәрігер___________ Т.А.Ә.** | **ҚЖ жөніндегі Проректор_________Т.А.Ә.** |
| (қолы) | (қолы) |
| **____________ 20____ ж.** | **___________20____ ж.** |

**(кафедраның атауы) кафедраның клиникалық жұмысы бойынша**
**20____ – 20____ оқу жылы**
**ЖОСПАРЫ**

**Шымкент 20__ ж**

Жоспарға ұсынылатын бөлімдер:

Ү414-003-2026

## 1. Кафедраның ПОҚ сапалық сипаттамасы

| № | Т.А.Ә | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | Біліктілік санаты | Маман сертификаты | БАФ | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | | Соңғы | Жоспарланған |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

## 2. Кафедра базалары

| № | Емдеу-профилактикалық мекемесі | Оқу бөлмелерінің саны | Оқу бөлмелерінің көлемі | Дәріс аудиториялары | Кафедра меңгерушісінің кабинеті | Профессор, доцент кабинеті | Ассистенттер кабинеті | Шаруашылық-қосалқы бөлмелер | Жалпы көлемі бойынша барлық бөлмелер |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

## 3. Оқу жылына арналған қызметкерлердің жоспарланған емдеу және кеңес беру жұмыстарының көлемі

| № | Т.А.Ә. | Қызметі | Кураторлық ететін науқастар саны | Кеңестер саны | Операциялар саны | Фармакотерапиялық талдаулар саны | Мәйітті ашу саны |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | | | |

Ү414-003-2026

## 4. Денсаулық сақтау органдарымен бірлескен жұмыс жоспары

| № | База | Кураторлық ететін науқастар саны | Кеңестер саны | Операциялар саны | Ғылыми-практикалық конференциялар саны | Семинарлар саны | Бірлескен баспа жұмыстарының (мақалалар) саны | Енгізулер (внедрение) саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

**Ескерту:** Жұмыс түрлерінің үлгілері берілген.
Жоспар кафедра мәжілісінде талқыланды (күні, хаттама №).

**Кафедра меңгерушi:** ___________________________ __________________
Т.А.Ә. Қолы

Ү414-003-2026

| | |
|---|---|
| **КЕЛІСІЛДІ** | **БЕКІТІЛДІ** |
| **Бас дәрігер___________ Т.А.Ә.** | **КЖ жөніндегі Проректор_________Т.А.Ә.** |
| **____________ 20____ ж.** | **___________20____ ж.** |

**(Кафедраның атауы) кафедрасының**
**20___ – 20___ оқу жылындағы клиникалық жұмысы бойынша**
**ЕСЕБІ**

**Шымкент 20__ ж.**

Жоспарға ұсынылатын бөлімдер

Ү414-004-2026

## 1. Кафедраның ПОҚ сапалық сипаттамасы

| № | Т.А.Ә | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | Біліктілік санаты | Маман сертификаты | БАФ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

## 2. Кафедра базалары

| № | Кафедра базасы | Оқу бөлмелерінің болуы | | Дәріс аудиториясының болуы | Төсек қоры | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | алаңы | | Өткен жылы | Оқу жылында |
| | | | | | | |

Келесі мәліметтерді ұсыну:

- оқу бөлмелерінің мамандылған оқу бөлмелері;
- дәрістерде науқастарды көрсету *(Оқу жылы ішіндегі көрсеткіштер)*

## 3. Кафедра қызметкерлері орындаған емдеу және кеңес беру жұмыстарының көлемі

| № | Қызметкердің Т.А.Ә. | Қызметі | Кураторлық еткен науқастар саны | Кеңестер саны | Операциялар саны | Фармакотерапиялық талдаулар саны | Мәйітті ашу саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Ү414-004-2026

## 4. Кафедраның оқу жылы ішіндегі денсаулық сақтау органдарымен бірлескен емдеу және кеңес беру жұмысы

| № | Жұмыс түрі | Саны | | Ескерту |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| | | Өткен жылы | Есепті жылы | |
| **1.** | **Науқастар курациясы** | | | |
| **2** | **Науқастарға кеңес беру** | | | |
| **3** | **Операциялар** | | | |
| **4** | **Препараттар бойынша кеңес беру** | | | |
| **5** | **Фармакотерапиялық талдаулар саны** | | | |
| **6** | **Облыстарға шығу** | | | |
| **7** | **Семинарлар өткізу** | | | |
| **8** | **Ғылыми-практикалық конференциялар өткізу** | | | |
| **9** | **Бірлескен жарияланымдар** | | | |
| **10** | **Жаңа әдістемелерді енгізу** | | | |

Ескерту: жұмыстың үлгілік түрлері берілген. Өткізілген семинарлар, конференциялар, бірлескен жарияланымдар, енгізілген әдістер және т.б. бойынша растаушы құжаттарды қоса тіркеу қажет.

**Есеп кафедра мәжілісінде талқыланды (күні, хаттама № ___).**

**Кафедра меңгеруші:** ___________________________ __________________

Т.А.Ә. Қолы

Ү414-004-2026

# Д ҚОСЫМШАСЫ

## Кафедраның клиникалық жұмысы бойынша папкада болуы тиіс құжаттардың тізбесі

1. Клиникалық базалармен ынтымақтастық туралы келісімшарттар (көшірмелері).
2. Кафедраның клиникалық жұмыс жоспары.
3. Кафедраның клиникалық жұмысы бойынша есебі.
4. Ғылыми жетістіктерді практикалық денсаулық сақтау саласына енгізу бойынша жоспарлар мен есептер.
5. Енгізу актілері.
6. Патологиялық-анатомиялық, клиникалық, ғылыми-практикалық конференциялар хаттамаларынан үзінділер.
7. Науқастарды тіркеу журналдары.
8. Кафедра (курс) меңгерушісінің, доценттер мен ассистенттердің аралау және кеңес беру (кеңес) кестесі.
9. Кафедраның ПОҚ соңғы 5 жылдағы дәрігерлік маманданудан өткені туралы сертификаттары.
10. Кафедраның ПОҚ  орындаған емдеу жұмыстары туралы рапорттар.
11. Практикалық денсаулық сақтау мамандарымен бірлескен жарияланымдар.
12. Облыстарға шығу (іс-сапарлар).
13. Комиссиялар құрамындағы жұмыс.

**Е ҚОСЫМШАСЫ**

**1,0 ставкаға арналған ассистенттің нормативі**
**(жоғары, бірінші, екінші санатты және сертификаты бар, стационарда емдеу жұмысын жүзеге асыратын дәрігер)**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-74 «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгілік штаттары мен штаттық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына (өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес, «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгілік штаттары мен штаттық нормативтері» В қосымшасына сәйкес құрастырылған.

Акушерлік (жүкті әйелдер патологиясы) – 28
Акушерлік (физиологиялық) – 33
Ересектерге арналған аллергология – 26
Балаларға арналған аллергология – 18
Ересектерге арналған қалпына келтіру емі – 36
Балаларға арналған қалпына келтіру емі – 45
Ересектерге арналған гастроэнтерология – 25
Балаларға арналған гастроэнтерология – 26
Ересектерге арналған гематология – 13
Балаларға арналған гематология – 6
Гинекология – 31
Ересектерге арналған дерматовенерология – 18
Балаларға арналған дерматовенерология – 14
Күндізгі стационар – 25
Ересектерге арналған инфекциялық бөлім – 22
Балаларға арналған инфекциялық бөлім – 30
Ересектерге арналған кардиология – 22
Балаларға арналған кардиология – 22
Ересектерге арналған неврология – 27
Балаларға арналған неврология – 20
Ересектерге арналған нейрохирургия – 20
Балаларға арналған нейрохирургия – 20
Ересектерге арналған нефрология – 15
Балаларға арналған нефрология – 22
Күйік бөлімдері – 8
Онкология – 26
Ересектерге арналған отоларингология – 36
Балаларға арналған отоларингология – 24
Жаңа туған нәрестелер патологиясы (неонатология) – 5
Педиатрия – 18

Проктология – 20
Ересектерге арналған психоневрология – 6
Балаларға арналған психоневрология – 7–8
Ересектерге арналған пульмонология – 20
Балаларға арналған пульмонология – 30
Реанимация – 30
Ересектерге арналған ревматология – 25
Балаларға арналған ревматология – 25
Қан тамырлары және микрохирургия – 14
Терапия – 28
Ересектерге арналған торакалдық хирургия – 10
Балаларға арналған торакалдық хирургия – 8
Ересектерге арналған травматология – 18
Балаларға арналған травматология – 23
Ересектерге арналған туберкулез – 3
Балаларға арналған туберкулез – 2
Хирургиялық туберкулез – 1
Ересектерге арналған урология – 22
Балаларға арналған урология – 33
Ересектерге арналған іріңді хирургия – 22
Балаларға арналған іріңді хирургия – 18
Ересектерге арналған хирургия – 20
Балаларға арналған хирургия – 25
Жаңа туған нәрестелер хирургиясы – 24
Ересектерге арналған жақ-бет хирургиясы (стоматологиялық) – 15
Балаларға арналған жақ-бет хирургиясы (стоматологиялық) – 15
Ересектерге арналған эндокринология – 16
Балаларға арналған эндокринология – 20